

**OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES**

ISSN 2224-5294

Volume 3, Number 313 (2017), 171 – 173

A.T. Kaliaskarova

Institute of Literature and Art named after M.O.Auezov, Almaty, Kazakhstan
E-mail: ainur_kali@inbox.ru

**TRANSLATIONS OF ABAY'S WORKS
INTO WORLD LANGUAGES**

Abstract. The paper presents the history of translations of Abay's works into world languages. Thanks to translations the creative legacy of Abay became available to a wide range of foreign readers, academics and literary critics, who gave evaluation of Abay's creativity in newspapers, magazines, and in introductory articles to the books. Abay's works are clear and congenial to Western and Eastern readers as his poetry combines features of western and eastern classical poetry. Abay's works created in the nineteenth century, still have not lost their universal values and continue to serve to high ideals of the modern world.

Keywords: Kazakh poet, translations, researchers, world languages.

ӘОЖ: 82.091

A.T. Қалиасқарова

М.О. Әуезов ат. Әдебиет және өнер институты, Алматы қ., Қазақстан

**АБАЙ ТҮҮНДҮЛАРЫНЫҢ
ӘЛЕМ ТІЛДЕРІНЕ АУДАРЫЛУЫ**

Аннотация. Мақалада Абай Құнанбаев туындыларының әлем тілдеріне аударылуы тарихы көрсетіліп, оның мұрасы шетелде ғасырдан 50 жылдарынан бастап аударыла бастады. Осы кезеңнен бастап оның өлеңдері мен поэмалары, философиялық эсселері көптеген тілдерге аударылып келеді. Аудармалардың арқасында Абайдың туындылары шетелдік оқырман қауымға, ғалымдар мен әдеби сыншыларға жетін, ғазет, журнал беттерінде және алғы сөздерде өз бағасын алуда. Абайдың шығармалары рухы жағынан батыстық оқырманға да, шығыстық оқырманға да жақын болып келеді, себебі, оның поэзиясы өзіне батыс пен шығыстық классикалық поэзиясының ерекшеліктерін бойына сінірғен. Абайдың он тоғызынышы ғасырда дүниеге келген шығармалары өзінің жалпыадамдық маңызын әлі күнгө дейін жоймай қазіргі әлемнің жоғары иедалдарына қызмет етін келеді.

Түйін сөздер: казак ақыны, аударма, зерттеушілер, әлем тілдері.

Қазақ ақыны Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасы шетел тілдеріне XX ғасырдың 50 жылдарынан бастап аударыла бастады. Осы кезеңнен бастап оның өлеңдері мен поэмалары, философиялық эсселері көптеген тілдерге аударылып келеді. Аудармалардың арқасында Абайдың туындылары шетелдік оқырман қауымға танылып, ғалымдар мен әдеби сыншылар тарарапынан ғазет, журнал беттерінде және алғы сөздерде өз бағасын алып отыр. Абай Құнанбаевтың көпқырлы шығармашылық мұрасы әлем әдебиетіне баға жетпес қазына болып қосылуда.

Абайдың алғаш шетел тіліне аударылған туындылары – ол қытай және монгол тілдеріндегі аудармалары еді. Қытай тіліне алғаш аударған Хабай деғен бүркеншік атпен жазып жүрген профессор Ха Хуаньчжан болатын. Ол 1950 жылы «Ескендір» поэмасын қытай тіліне аударып, оны «Әдеби аудармалар» деп атапталып журналда жариялады. Оған қоса, ол Абайдың тағы екі поэмасын аударып, 1958 жылы «Абай Құнанбаев. Үш поэма» деғен атаумен жеке кітап етін басып шығарады. 1982, 1984 жылдары «Абайдың өлеңдері» мен «Қара сөздерін» аударып Синьцзян базасынан шығарады. 1987 ж. «Абай және оның поэзиясы» деғен мақалалар жинағы Пекиннің «Ұлттық баспасында» басылып шықты. Ал, 1994 жылы осы баспа Ха Хуаньчжанның аударуындағы «Абайдың толық шығармалар жинағын» шығарған болатын. Ол Қазақстанға Абайдың 150 жылдық мерейтойын тойлауға қатысуға 1995 жылы келген болатын.

Абайдың туындылары Монголия жерінде алғашқы кездे көптеген қазақ диаспораларының арасында тарады. Кейінрек, XX ғасырдың орта кезеңінде оның бірқатар шығармалары монгол тіліне аударылды. Сөйтіп, 1951-1955 жылдары Абай Құнанбаевтың жекелеген өлеңдері баспаса з беттерінде жарық көріп, 1954 ж. «Шулгууд», 1959 ж. «Шуләр» деғен атаумен өлеңдер жинағы Уланбатырда жеке кітап болып басылып шықкан болатын. Абайдың поэзиясына деғен қызығушылықтың қайта пайда болған кезеңі деп 150 жылдық

мерейтойы тойланған жылды айтуға болады, бұл кезде қазақ классигінің туындылары қайта монғол тілінде сөйлейді. «Абай Құнанбаев. Таңдамалы шығармалары» кітабы 1995 жылы Монголияда Ұлан-Батырда жарық көрді. Бұл кітаптағы «Азияның ұлы ақыны» деп аталатын алғысөздің авторы монғол жазушысы, драматурғ Хабышийн Ислам. Ол өз халқының көрнекті өкілдері, ұлт данышпандары Абай мен Шыңғыс арасында қызықты параллель жүргізеді.

Абай шығармаларының еуропа тіліндегі алғашқы аудармасы деп 1959 жылы чех тілінде жарық көрғен «Қара сөздер» кітабын атауға болады. Ал, Абай өлеңдері «Новый ориент» деп аталатын прагалық журналда 1969 жылы чех лингвисті, түрколог Людек Гржебичектің аударуымен жарыққа шықты.

Сол жылдары венгерлік ғалым, Венгер ғылым Академиясының академигі, Будапешт университетінің профессоры Имре Тренчени-Вальдапфель қазақ әдебиетін зерттеумен белсенді айналысты. Ол қазақ тілін үйренип қазақ классиктерінің өлеңдерін түпнұсқадан венгер тіліне аударды. Оның аударуымен Абайдың «Жаз» деп аталатын танымал өлеңі 1969 жылы венгер басылымдарында жарық көрді. Ол өзінің бір мақаласында: «Мен Абайдың поэзиясын, Эузовтің романын жақсы көремін. Олардың шығармаларында – қазақ халқының бүкіл өмірі, бүкіл тарихы, еткені мен бүғіні берілген» [1] – дейді.

ХХ ғасырдың 70-ші жылдары Абайдың жекелеген өлеңдері ағылшын, неміс, араб, тілдерінде жарық көрсе де, бірақ оның негізгі шығармалары – «Масғұд», «Өзім туралы», «Ескендір» поэмалары мен прозалық шығармасы «Қара сөздері» әлі күнге дейін аудармашылардың назарынан тыс қалып келді.

Абай Құнанбаевтың шығармаларын шетел тілдеріне аудару науқаны 1995 жылы ЮНЕСКО тарапынан әлемдік деңгейде Абайдың 150-жылдық мерейтойын тойлау кезінде кеңінен өріс алған болатын. Абайдың мерейтойы тойланған жылы оның таңдамалы шығармалары әлемнің көптеген тілдерінде шыға бастады. Абайдың 150-жылдығына арналған халықаралық конференциялар, коллоквиумдер мен салтанатты жиындар Лондон, Вашингтон, Стамбул, Бейжің т.б. әлемнің көптеген елдерінде өткен болатын. Сонымен катар, Германия, Венгрия, Египет, Индия, Пәкістан, Иран елдерінде Абай күндері болып өтті.

Іранда «Абай ойлары мен шығармалары», Пәкістанда «Абай Құнанбаев. Таңдамалы өлеңдері», Түркіяда «Абайдың таңдамалы шығармалары» деп аталатын кітаптары жарық көрді. Ал, «Қара сөздер» кітабы қытай, корей және монгол тілдерінде шықты.

Парсы тілінде «Абай ойлары мен шығармалары» кітабының басылып шығуы Иран мен Қазақстанның мәдени өмірінде маңызды оқиғалардың бірі болып саналды. Себебі, бұған дейін Абайдың шығармашылық мұрасы парсы тіліне аударылмаған болатын. Бұл кітаптың басылып шығуына Қазақстан Республикасындағы Иран Ислам Республикасының төтенше және өкілдегі елшісі Расул Ислами септіғін тиғізді.

«Абай Құнанбаев. Таңдамалы өлеңдері» кітабын урду тіліне танымал пәкістандық аудармашы Халид Икбал Ясир аударған. Ол мұндай мүмкіндікке 1985 жылы «Жазушы» баспасынан ағылшын тілінде шыққан «Aba Kunanbaev. Selected poems» кітабының арқасында жетті. Халид Икбал Ясир «Абай Құнанбаев. Таңдамалы өлеңдер» кітабының алғысөзінде Абай Құнанбаевты Пәкістанның ұлт ақыны Мұхаммад Икбалмен теңестіріді.

Түрік тіліндегі «Абайдың таңдамалы шығармалары» кітабы түркі мәдениеті мен өнерін дамыту халықаралық ұйымы ТОРҚСОЙ тәрағасының орынбасары Зия Йылмазердің кіріспе мақаласымен жарық көрді. Осы ұйымның арқасында Түркіяда Абай кітаптары пайда бола бастады.

Қазақстандық жазушы Роллан Сейсембаев 1995 жылы Абайдың «Қара сөздерін» ақын әрі аудармашы Ричард Маккейннің ағылшын тіліне аударуын және ақын әрі аудармашы Антуан Гарсианың француз тіліне аударуын ұйымдастырған болатын. Осы аудармалардың арқасында «Қара сөздер» шетел оқырмандары мен ғалымдарына және әдебиет сыншыларына кеңінен танымал болып, Абайдың шығармашылығына ғазет және журнал беттерінде баға берілген еді.

Француз тілінде Абайдың Құнанбаевтың тағы екі кітабы шығарылды. Бірінші кітапқа – Абай Құнанбаевтың «Қара сөздері» мен қазақ тілінен Ғалымжан Мұқановтың аударуындағы «Ескендір», «Масғұд» поэмалары енді. Ал, екінші кітапқа – «Өлең – сөздің патшасы...» деген атаумен таңдамалы өлеңдер жинағы енді. Осы кітаптарды аударып, редакциясын жүргізген француз авторлары екеніне көніл бөлген жөн. Бірінші кітаптың Алғысөзін дайындаған Альбер Фишлер, ол сонымен катар, F.Мұқановтың аудармаларын редакциялаған болатын. А.Фишлер өзінің Алғысөзінде Абайдың әртүрлі мәдениеттер арасындағы қарым-қатынастарға байланысты ойларының маңыздылығына аса көніл бөледі. Ол аударманың сапасының жақсы екеніне де тоқталып: «біз аудармашы Ғалымжан Мұқановты бізғе мұлдем таныс емес ақын, ойшыл, қайратты ақылғөйдің ойының терендігін көрсете алғанын, тамаша сәтті аудармасымен құттықтауымыз керек» - дейді. Екінші кітапқа енғен Абайдың өлеңдерін француз тіліне Ғалымжан Мұқанов сол жылдары Алматыда қызмет атқарған Кристиан Висантимен бірлесіп аударған болатын. Поэтикалық жинақтың алғысөзінде Кристиан Висанти «Абайдың үндеулері өзі өмір сүрғен уақыттан әлдекайда ілгері болды» [2] - дейді.

Әдебиет тарихында бір шығарма қандай да бір шетел тілінде бірнеше аудармашылардың аударуында кездесіп жатады. «Қара сөздер» француз тіліне үш рет аударылды. Жоғарыда аталаған аудармалардан басқа 2000 жылы аудармашылар тобы Ж.Мартэн, Г.Сарсекеева және К.Дүйсекованаң аударуында жарық көрді.

Абай Құнанбаевтың шығармашылығына деген қызығушылық жыldан жылға артпаса, азайған емес. Оның шығармаларын көркемдік түрғыдан аудару үрдісі жалғасын табуда. 2007 жылы Көльйндегі «Oenel» баспасы «Aba. Zwanzig Gedichte» («Абай. Двадцать стихотворений») деп аталатын Абайдың өлеңдер

жинағын неміс әдебиеттанушысы, аудармашы Лео Кошут аударып жарыққа шығарды. Ол Абайды аударуға Алматыға алғаш 2003 жылы келгенде бел буады. Сол кезде Лео Кошутқа «казақ мәдениетін насиҳаттауға және Қазақстан әдебиетін неміс тілінде шығаруға маңызды үлес қосқаны» үшін Қазақстандағы өкілеттік халықаралық ПЕН-клуб сыйлығын ұсынған болатын.

«Абай. Жиырма өлең» кітабының жарық көруі – Абай Құнанбаев шығармашылығының халықаралық деңгейде насиҳатталуына қосылған маңызды оқиға болды, себебі, аударма өте сәтті шыққан. Өйткені, Абай өлеңдерін аудару барысында Лео Кошут бірнеше рет казақ, орыс, неміс тілдерін жетік білетін Г.К. Бельгерден кенес алып отырған. Абайдың неміс тіліне аударған аудармалары оның тараптынан өте жоғары бағага ие болды.

«Абай. Жиырма өлең» кітабы үш тілде: казақ, неміс, орыс тілдерінде жарық көрді. Бұл кітапқа Лео Кошут «Менін Абайға жол тартуым және оның өлеңдерін аудару мәселелері» деп аталағын мақала жазып, онда Абай өлеңдерін неміс тіліне аудару үдерісінің калай жүргенін баяндап береді. Ол Абай өлеңдерін аудару барысында «оның сөз саптауын, сөздің нақышын келтіруі, тармактарының байсалды екпінін көзден таса қылмауға тырыстым» деп жазады. Абайдың поэтикалық ой-толғауларын бүкіл жан-дүниесімен сезініп, әр сөзді жіті тандап, Абай поэзиясының ұлттық нақыштарын дәл нақты беруғе тырысканы сезілді, бұл деғеніміз, әрине Лео Кошуттың шеберлігіне құрметпен қарауға шақырады.

Германияны тәуелсіздік кезеңінде қазақ әдебиетіне қызығушылық танытқан елдердің қатарынан болғанын атап өту керек. Бұған Германияда неміс тілінде шыққан «Қазақ кітапханасы» кітаптар сериясының шығуы дәлел бола алады. «Абай. Жиырма өлең» кітабы да осы сериямен жарыққа шықты. Сонымен қатар, 2000 жылы Берлин көшелерінің бірін «Abaj Strasse» (Абай көшесі) деп өзгертуші туралы деректі де атап өткіміз келеді. Бұған дейін, 1995 жылы Анкарада Абай көшесі беріліп, ал Стамбулда Абай Құнанбаевтың аты линейге берілген болатын.

2007 жылы араб тілінде Абай Құнанбаевтың «Қара сөздері» Сауд Арабиясында, итальян тілінде Абай, Шәкірім, Мұхтар Әуезовтің шығармалары Италияда жарық көрді. 2010 жылы корей тілінде «Абай. Алтын киізді үйдің өлеңдері», тәжік тілінде «Қара сөздері» басылып шықты. Неміс тілінде «Қара сөздері» 2001 жылы және 2010 жылдары басылып шыққан болатын. 2011 жылы «Абай. Стэпавы простор. Выбранные верши» деп аталағын поэтикалық жинағы беларусь тілінде жарық көрді. 2013 жылы Варшавада поляк тілінде «Қара сөздердің» тұсауқесері өткізілді. Ал, 2014 жылы Анкарада Абай Құнанбаевтың түрік тіліндегі поэтикалық жинағы мен «Қара сөздері» кітабының тұсауқесері өтті.

Абайдың шығармашылық мұрасы – жалпақ шетелдік оқырман қауымға, ғалымдар мен әдеби сыншыларға аудармалардың арқасында жетіп, газет, журнал беттерінде және жоғарыда аталған алғы сөздерде өз бағасын алуда.

Қорыта айтсақ, қазақ әдебиетінің ірі классигі Абай Құнанбаев шығармашылығының халықаралық деңгейде мойындалғанын атап өтуғе болады. Абайдың шығармалары рухы жағынан батыстық оқырманға да, шығыстық оқырманға да жақын болып келеді, себебі, оның поэзиясы өзіне батыс пен шығыстың классикалық поэзиясының ерекшеліктерін бойына сіңірген. Абайдың он тоғызынышы ғасырда дүниеге келген шығармалары өзінің жалпыадамдық маңызын әлі күнғе дейін жоймай қазірі әлемнің жоғары идеалдарына қызмет етіп келеді.

ӘДЕБІЕТ

[1] Nyar / Ford. Trencsenyi-Wildapfel I. – Kazah irodalmi szemelvenyek. – MSZBT, 1969, 01, 34-36.

[2] Abai Kounanbaouly. Reflexions en prose, poemes "Iskander" et "Masgoud" / Traduire par Galimzhan Mukhanov. – Almaty: Raouan, 1994. – 108 p.

REFERENCES

[1] Nyar / Ford. Trencsenyi-Wildapfel I. – Kazah irodalmi szemelvenyek. – MSZBT, 1969, 01, 34-36.

[2] Abai Kounanbaouly. Reflexions en prose, poemes "Iskander" et "Masgoud" / Traduire par Galimzhan Mukhanov. – Almaty: Raouan, 1994. – 108 p.

A.T. Калиаскарова

Институт литературы и искусства им. М.О.Аузэзова, Алматы, Казахстан

ПЕРЕВОДЫ ПРОИЗВЕДЕНИЙ АБАЯ НА ЯЗЫКИ МИРА

Аннотация. В статье представлена история переводов произведений Абая Кунанбаева на языки народов мира. Благодаря переводам творческое наследие Абая стало доступно широкому кругу зарубежных читателей, ученых и литературных критиков, которые давали оценку творчеству Абая на страницах газет, журналов и во вступительных статьях к книгам. Произведения Абая являются понятными и близкими по духу и западным, и восточным читателям, так как его поэзия сочетает в себе черты западной и восточной классической поэзии. Произведения Абая, созданные в девятнадцатом столетии, до сих пор не утратили своего общечеловеческого значения и продолжают служить высоким идеалам современного мира.

Ключевые слова: казахский поэт, переводы, исследователи, языки мира.